

«Центр Кредит Банкі» АҚ
еншілес ұйымы - «BCC INVEST» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы 06 наурыздағы
№ 03/06 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Электрондық қызметтер көрсету туралы келісім

Алматы қ.

«___» _____ 202__ ж.

Бұдан әрі «Брокер» деп аталатын «ЦентрКредит Банкі» АҚ еншілес ұйымы – «BCC Invest» акционерлік қоғамы бір тараптан және бұдан әрі «Клиент» деп аталатын _____ екінші тараптан, бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталып, Тараптардың арасында жасалған Брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) назарға ала отырып, сондай-ақ Брокердің электрондық қызметтер көрсетуінің талаптары мен тәртібін белгілеу мақсатында төмендегілер туралы осы Электрондық қызметтер көрсету туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты:

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Осы Келісімде мына терминдер мен белгілер пайдаланылады:

жеке кабинет – <https://bcctrade.kz> web-сайтында немесе сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестің web-сайтында орналасқан Брокердің сауда платформасындағы интерактивті сервис, сондай-ақ Брокердің атынан немесе серіктестің атынан орналастырылған App Store-да және Google Play-де Брокердің сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша мобильді платформалар, ол арқылы Клиенттер тапсырмаларды енгізеді және береді, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып, дербес шот, өз портфелінің жай-күйі туралы ақпаратты, қаржы құралдары мен олардың бағалары, қор биржасындағы және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттықтың барысы мен нәтижесі туралы ақпаратты, есептер мен өз мәмілелерінің тарихы және сауда платформасының функционалында көзделген өзге де ақпаратты алады;

сауда платформасына қолжетімділік беретін серіктестер (серіктестер) – Брокер сауда платформасына қолжетімділікті қамтамасыз ететін осы заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде және (немесе) қашықтан қызмет көрсету жүйелерінде құпия ақпаратпен алмасу туралы тиісті жазбаша келісім жасасқан және Клиент олармен олардың ақпараттық жүйелерін және (немесе) қашықтықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдалану туралы тиісті келісім жасасқан заңды тұлғалар. Серіктестердің тізімі Компанияның www.bcc-invest.kz корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады;

Ереже – Брокер Басқармасының 02.03.2020 жылғы № 03/02 шешімімен бекітілген, www.bcc-invest.kz корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған «ЦентрКредит Банкі» АҚ еншілес ұйымы – «BCC Invest» АҚ-тың Электрондық қызметтерді көрсету ережесі (барлық өзгерісімен және толықтыруымен);

Клиентті аутентификациялау құралдары – сәйкестендіруші (пайдаланушының аты), Клиенттің көп реттік және бір реттік (біржолғы) кодтары, сондай-ақ Клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасы;

Клиентті динамикалық сәйкестендіру – Клиенттің бір реттік (біржолғы) немесе көп реттік кодты пайдалану арқылы электрондық қызметтерді алу құқығын дәл растау мақсатында оның түпнұсқалығын анықтау рәсімі;

Клиенттің бір реттік (біржолғы) коды – бір реттік (біржолғы) код – Клиенттің сұратуымен бағдарламалық-аппараттық құралдармен жасалатын және Клиентке электрондық қызметтерге қолжетімділік берген кезде бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей реттілігі;

Клиенттің көп реттік коды (паролі) – Клиентті сәйкестендіруге және авторизациядан өтуге арналған символдар жиынтығы, сәйкестендіру рәсімінде және/немесе осы Келісімнің шарттары бойынша электрондық қызметтерді көрсету үшін пайдаланылады;

SMS (Short Message Service – қысқа хабарламалар қызметі) – қысқа мәтіндік хабарламаларды қабылдауға және беруге мүмкіндік беретін, Клиент көрсеткен тіркелген мобильді телефон нөміріне Клиенттің бір реттік (біржолғы) кодын жедел беруге арналған технология;

сауда платформасы – Брокердің ақпараттық жүйелерін қоса алғанда, оның бағдарламалық және техникалық құралдарының жиынтығы, ол биржаның сауда жүйесіндегі және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарымен операциялар туралы, қор биржасының сауда жүйесіндегі шетел валютасымен операциялар туралы (қолма-қол емес шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бөлігінде) Клиенттің бағалы қағаздар портфелі және Клиенттің өзге қаржы құралдары туралы ақпаратты және өзге де ақпаратты алуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Клиентке электрондық қызметтер көрсету;

сауда операциясы – Клиенттің:

- РЕПО операцияларын қоса алғанда, биржаның сауда жүйесіндегі және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығындағы сауда платформасы арқылы жүзеге асырылатын қаржы құралын сатып алу немесе сату;

- Клиенттің шотынан (шотына) ақшаны есептен шығару (есепке жазу) және оларды айырбастау бойынша тапсырмасына сәйкес Брокердің жүргізетін операциясы;

дербес шот бойынша операция – Брокердің есепке алу жүйесіндегі:

- жеке тұлғаға жеке шот ашу;
- Клиент туралы мәліметтерді өзгерту;
- Клиенттің шоттарынан (шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу);
- эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын Клиенттің дербес шоттарынан (шоттарына) есептен шығару (есепке жазу);
- бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салу және ауыртпалықты алып тастау;
- бағалы қағаздарды өтеуден түскен ақша қаражатын есепке жазу;
- бағалы қағаздар бойынша дивидендті есепке жазу бойынша операция.

ақпараттық операция – Брокердің есепке алу жүйесіндегі:

- Клиенттің дербес шотынан үзінді көшірме беру;
- жүргізілген операциялар туралы есеп беру;
- Клиенттің сұратуымен басқа есептерді дайындау және беру бойынша операция;

өзге қызметтер – сауда операцияларына, дербес шот бойынша операцияларға, ақпараттық операцияларға жатпайтын қызметтер және оған қор биржасының сауда жүйесіндегі немесе халықаралық бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарымен операциялар туралы ақпарат, Клиенттің бағалы қағаздар портфелі және өзге ақпарат алу кіреді;

Клиенттің тапсырмасы – Клиенттің бұйрығы және (немесе) тапсырмасы, сондай-ақ осы Келісімнің талаптарына сай куәландырылған электрондық құжат нысанында немесе өзге де электрондық-цифрлық нысанда жасалған Клиенттің өзге нұсқаулығы;

Клиенттің уәкілетті тұлғасы – Клиенттің тапсырмаларына қол қоюға құқығы бар және осы Келісімде көзделген операцияларды жүргізуге уәкілетті тұлға;

электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін пайдаланып, ақпаратты криптографиялық түрлендіру нәтижесінде алынған және қол қою кілтінің сертификатының иесін сәйкестендіруге, сондай-ақ электрондық құжатта ақпаратты бұрмалаудың жоқтығын анықтауға мүмкіндік беретін электрондық құжатты қорғауға арналған электрондық құжаттың деректемесі;

электрондық құжат – ақпарат электрондық цифрлық нысанда ұсынылған және белгіленген форматқа сәйкес келетін құжат;

электрондық құжат айналымы (бұдан әрі – «ЭҚА») – осы Келісімге сәйкес жеке кабинетте электрондық құжаттармен алмасу;

құпия ақпарат – дербес деректер, коммерциялық және Клиент туралы өзге де құпия ақпарат (бұл ақпараттың үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты оның нақты немесе ықтимал құндылығы болған, оған заңды негізде еркін қол жеткізуге болмайтын және осы ақпараттың иесі қағаз жеткізгіште, электрондық немесе өзге де нысанда орындалған оның құпиялылығын сақтауға шаралар қолданған кезде), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де ақпарат.

1.2. Осы Келісімнің 1.1-тармағында тікелей айқындалмаған терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында, қор биржасының ережелерінде, Ереже мен Шартта белгіленген мағынада пайдаланылады.

2. Жалпы ережелер

2.1. Клиенттің тапсырмалар мен электрондық құжаттарды электрондық түрде жеке кабинет арқылы, оның ішінде ЭЦҚ-ны пайдаланып немесе Шарттың аясында бір реттік (біржолғы) немесе көп реттік кодты пайдаланып, Клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы беруді бастау үшін осы Келісімді жасасу міндетті болып табылады. Осы Келісім Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2.2. Осы Келісімді жасасу:

2.2.1. Клиентті Ережемен таныстырғанын және оның барлық қағидасын қабылдағанын;

2.2.2. жеке кабинетті пайдалану туралы толық ақпарат беру фактісін Клиенттің мойындайтынын білдіреді;

2.2.3. Брокердің сауда жүйесінде сақталатын, оның ішінде Клиенттің ЭЦҚ қойылған немесе бір реттік (біржолғы) немесе көп реттік кодты пайдаланып, Клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы куәландырылған және Брокер қабылдаған электрондық құжаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес даулы мәселелерді шешу үшін дәлелді материал болып табылатынымен Тараптар келіседі;

2.2.4. Аутентификациялау/динамикалық сәйкестендіру арқылы куәландырылған Клиенттің тапсырмаларының орындалуын растау Клиенттің әрекетін растайтынымен және даулы жағдайлар туындаған кезде дәлел болып табылатынымен Клиент келіседі.

2.3. Брокер жеке кабинетте және (немесе) сауда платформасында кез келген техникалық мәселелер (жұмысты тоқтату және/немесе жаңылысу) үшін жауапкершілік көтермейді.

3. Келісімнің мәні

3.1. Осы Келісімнің мәні – сауда операцияларын, дербес шот бойынша операцияларды және (немесе) ақпараттық операцияларды жүргізу бойынша Брокердің сауда платформасы арқылы электрондық қызметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Брокер көрсететін өзге қызметтерді көрсету шарттары мен тәртібі.

3.2. Клиенттің сауда платформасына қол жеткізуін қамтамасыз ететін серіктестердің ақпараттық жүйелерін және (немесе) қашықтықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдалану осы Келісімнің мәні емес және сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктес пен Клиенттің арасындағы бөлек келісіммен регламенттеледі.

3.3. Клиенттің аутентификациялау/динамикалық сәйкестендіру құралдарының бірін пайдаланып берілген және Брокер қабылдаған барлық тапсырма мен электрондық құжаттар Клиенттің атынан берілгенін, ал мәмілелер Клиенттің тапсырмасымен жасалғанын Клиент мойындайды.

3.4. Электрондық құжаттарды қалыптастыру, сауда платформасына қолжетімділік беру тәртібі, сондай-ақ осы Келісімде белгіленбеген бөлігінде сауда платформасын пайдалану туралы өзге де ақпарат Брокердің www.bcc-invest.kz корпоративтік интернет-ресурсында жарияланған «BCC Invest» АҚ-тың Электрондық қызметтер көрсету ережесімен регламенттеледі.

3.5. Клиенттің тапсырмаларын, электрондық құжаттарды беру және Клиенттің жеке кабинеті және (немесе) сауда платформасы арқылы операциялар жүргізу мүмкін болмаған жағдайларда Клиент Шартқа сәйкес Клиенттің тапсырмаларын Брокерге берудің кез келген басқа тәсілдерін пайдалануға құқылы.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Брокердің:

4.1.1. Клиенттің сауда платформасын пайдалану тәртібін, оған қоса, бірақ шектелмей, алынған ақпарат туралы мәліметтерді, аутентификациялау/сәйкестендіру туралы мәліметтерді бақылауға;

4.1.2. Мына жағдайларда:

- сауда платформасында, жеке кабинетте жоспарлы және жоспардан тыс профилактикалық жұмыстарды орындаған, сауда платформасы мен жеке кабинетте жоспарлы технологиялық өзгерістерді жүзеге асырған жағдайда;
- жеке кабинет арқылы Клиент алған ақпаратты заңсыз пайдалану туралы мәлімет алған жағдайда, Клиентке бұл туралы кемінде күнтізбелік үш күн бұрын жеке кабинет арқылы немесе өзге тәсілмен хабарлама жіберіп, осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауды біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе орындаудан бас тартуға;

4.1.3. Мына жағдайларда:

- Клиенттің сауда платформасына рұқсатсыз қол жеткізгені туралы болжамдарға негіздер болғанда;
- жеке кабинетте Клиенттің рұқсатсыз немесе зиянды әрекеттерін жасағаны туралы болжамдарға негіздер болғанда;
- жоспардан тыс профилактикалық жұмыстарды орындаған кезде жеке кабинетте жаңылысу туындағанда;
- даулы шағымдану жағдайлары туындағанда, оның ішінде аталған даулы жағдайларды шешкенге дейін немесе Тараптар аралық келісімге қол жеткізгенге дейін жеке кабинетті, сауда платформасын пайдалануға немесе пайдалану мүмкін болмауына байланысты даулы шағымдану жағдайлары туындағанда;

- Клиент бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттейтін қолданыстағы немесе қолданылатын заңнаманы бұзғанда, Клиент Шартты, Ережелерді, Келісімді, меншік иелерінің ережелерін, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушының, Брокердің немесе байланыс арналарын жеткізушілердің бағдарламалық-техникалық құралдарда техникалық жаңылысу туындаған жағдайда,

осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауды біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе Клиентке хабарламай, оларды орындаудан бас тартуға;

4.1.4. Жеке кабинетте Шарттың талаптарын, қолданыстағы және қолданылатын заңнаманың талаптарын, ішкі қауіпсіздік рәсімдерін, реттеуші органдардың талаптарын, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ережелерін негізге алып, Клиенттің мәмілелер жасау мүмкіндіктерін шектейтін лимит белгілеуге;

4.1.5. Сауда платформасына қол жеткізуді ұсыну бойынша серіктестермен олардың ақпараттық жүйелерінде (немесе) қашықтықтан қызмет көрсету жүйелерінде құпия ақпарат алмасу туралы тиісті келісімдер жасасу;

4.1.6. Клиентпен оның ақпараттық жүйелерін (немесе) қашықтықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдалану туралы тиісті келісім жасасқан және электрондық қызметтерді алған кезде Клиент пайдаланатын Брокердің сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктес қолданатын Клиентті динамикалық сәйкестендіру құралдарына сүйенуге;

4.1.7. Осы Келісімнің кез келген талабын біржақты тәртіппен өзгертуге және Брокердің «www.bcc-invest.kz» корпоративтік веб-сайтында хабарлама жарияланған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы Келісім бойынша қызмет көрсетуді реттейтін Брокердің ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге **құқығы бар.**

4.2. Брокер:

4.2.1. Клиентке электрондық қызметтерді осы Келісімде айқындалған тәртіппен Клиенттің қашықтағы жұмыс орнынан жеке кабинет арқылы көрсетуге;

4.2.2. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда қоспағанда, осы Келісімге және Шартқа сәйкес көрсетілетін брокерлік және электрондық қызметтерді көрсетуге байланысты емес мақсаттарда осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында Брокерге белгілі болған Клиенттің сәйкестендіру мәліметтерін (сәйкестендірушіні, көп реттік және бір реттік (біржолғы) кодтарды қоса алғанда) және өзге де ақпаратын үшінші тұлғаларға жария етпеуге;

4.2.3. Сәйкестендіргіштің немесе бір реттік (біржолғы) және көп реттік кодтардың және Клиенттің ЭЦҚ-ның компрометациясы туралы ақпарат болған жағдайда, осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтата тұруға міндетті. Бұл жағдайда Клиент жаңа сәйкестендіргішті, ЭЦҚ және бір реттік (біржолғы) және көп реттік кодтарды алғаннан кейін, Брокер осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындауды қалпына келтіреді.

4.2.4. Клиенттің өтініші негізінде жеке кабинетке кіру үшін Клиентке парольді қалпына келтіруге;

4.2.5. Клиенттің аутентификациялау/динамикалық сәйкестендіру құралдарын пайдаланып, Ережеде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Клиентті аутентификациялауды және сәйкестендіруді қамтамасыз етуге;

4.2.6. Клиент осы Келісімнің, Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтаған кезде, Клиенттің тапсырмаларын, оның ішінде Клиенттің ЭЦҚ-мен куәландырылған тапсырмаларын орындауға;

4.2.7. Клиенттен сұрату түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде Брокер жеке кабинетті пайдаланып алған Клиентке қажетті Клиенттің тапсырмаларының расталған көшірмелерін беруге;

4.2.8. Электрондық қызметтер көрсету тәртібіне және (немесе) Клиентті сәйкестендіру және авторизациялау құралдарына байланысты сауда платформасына, жеке кабинетке енгізілетін елеулі өзгерістер туралы Клиентке осы өзгерістер күшіне енген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде

Брокердің корпоративтік интернет-ресурсында және (немесе) тікелей жеке кабинетте жариялау арқылы хабарлауға;

4.2.9. Осы Келісімнің шарттарына қайшы келетін әрекеттерді жасамауға **міндетті**.

4.3. Клиенттің:

4.3.1. Қаржы құралдары және олардың бағалары туралы, қор биржасында немесе халықаралық бағалы қағаздар нарығында сауда-саттықтың барысы мен нәтижесі туралы ақпаратты қарау құқығымен электрондық қызметтерді алу мақсатында жеке кабинетті пайдалануға;

4.3.2. Өз сәйкестендірушісінің парольдерін өз бетінше өзгертуге;

4.3.3. Клиентті авторизациялау (аутентификациялау/сәйкестендіру) және осы Келісім бойынша электрондық қызметтер көрсету үшін SMS арқылы біржолғы (бір реттік) код жіберілетін мобильді телефонның (SIM-картаның) нөмірін өзгертуге өтінім беруге;

4.3.4. Брокердің жеке кабинеті арқылы тапсырмалар жіберуге, сондай-ақ ЭҚА аясында өзге де электрондық құжаттарды қабылдауға;

4.3.5. Сауда платформасының, жеке кабинеттің функционалында көзделген ақпараттық операцияларды жүргізуге **құқығы бар**.

4.4. Клиент:

4.4.1. Жеке кабинет пен сауда платформасын тек Шарт пен Келісімді орындау мақсатында ғана пайдалануға;

4.4.2. Жеке кабинеттің, сауда платформасының жұмысына байланысты және коммерциялық құпия болып табылатын кез келген ақпаратты, сондай-ақ жеке кабинет пен сауда платформасын пайдалану нәтижесінде оларға қолжетімді болатын кез келген өзге ақпаратты ішінара немесе толық үшінші тұлғаларға (Брокер Клиентке осы ақпаратты ашуға және/немесе қайта шығаруға және/немесе таратуға уәкілеттік берген жағдайларды қоспағанда) жария етуге және/немесе таратуға жол бермеуге;

4.4.3. Үшінші тұлғалар жеке кабинет және сауда платформасы арқылы алынған ақпаратты одан әрі таратуға жол бермейтін өзінің бағдарламалық-техникалық құрылғыларының (дербес компьютерінің, смартфонның, оларға орнатылған бағдарламалық жасақтаманың және басқа да ақпараттық жүйелердің) тиісті деңгейде қорғалуын қамтамасыз етуге;

4.4.4. Ереженің, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Шарттың және осы Келісімнің талаптарын сақтауға;

4.4.5. Жеке кабинеттің және сауда платформасының жұмыс істеуіне немесе ондағы ақпараттың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін санкцияланбаған іс-әрекеттердің жолын кесуге;

4.4.6. Клиенттің тиісті сертификаттары мен кілттерінің/аутентификациялау құралдарының қолданысын тоқтата тұру немесе жаңаларын алу үшін уәкілетті тұлғалардың құрамының өзгергені туралы Брокерге уақтылы хабарлауға;

4.4.7. Клиентті авторизациялау (аутентификациялау/сәйкестендіру) және осы Келісім бойынша электрондық қызметтер көрсету үшін SMS арқылы біржолғы (біржолғы) код жіберілетін мобильді (ұялы) телефонның (SIM-картаның) нөмірінің өзгергені немесе жоғалғаны туралы Брокерге дереу хабарлауға;

4.4.8. Үшінші тұлғалардың ұялы телефонына, смартфонна, дербес компьютеріне және аутентификациялау/сәйкестендіру құралдарына қол жеткізу мүмкіндігіне жол бермеуге;

4.4.9. Жасалған мәмілелерді жеке кабинет арқылы Брокердің есептерімен және үзінді көшірмелерімен жүйелі түрде салыстыруға;

4.4.10. Өзінің бағдарламалық-техникалық құрылғыларының (дербес компьютерінің, смартфонның, оларға орнатылған бағдарламалық жасақтаманың және басқа да ақпараттық жүйелердің) жүйелі профилактикасын, вирусқа қарсы тексерілуін және қорғалуын қамтамасыз етуге;

4.4.11. Қажет болған кезде жеке кабинеттің жұмысы бұзылған жағдайда, басқа байланыс құралдары бойынша Брокермен байланысты қамтамасыз етуге;

4.4.12. Пайдаланушының құпиялылықты сақтау және ақпаратты таратпау бойынша міндетті шарттарды сақтамауы нәтижесінде Брокерге залал келтірілген жағдайда, Клиент Брокердің тікелей залалын толық көлемде өтеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге жауапкершілікті көтеруге;

4.4.13. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, сауда жүйелерінің ережелерін сақтауға, манипуляциялау, кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыру мақсатында жүргізілуі мүмкін операцияларды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келетін өзге де әрекеттерді жасамауға;

4.4.14. Мынаған:

- сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда-саттық барысы туралы тікелей көзделген ақпаратын, талдамалық шолуды және ақпараттық агенттіктердің өзге де ақпаратын қоспағанда, Клиентке тікелей тиесілі емес және оған қатысы жоқ жеке кабинеттен мәліметтер алуға;

- жеке кабинетке бөтен біреудің сәйкестендіргішін пайдаланып не бөтен біреудің сәйкестендіргіші мен кілтін таңдау әдісі арқылы қосылуға;

- Брокердің жергілікті желілеріне ену мақсатында қолда бар техникалық құралдарды пайдалануға бағытталған әрекеттерді;

- бөлек кіші жүйелердің және/немесе жалпы жеке кабинеттің жұмысында жаңылысу туындауына алғышарттар жасайтын кез келген басқа да іс-әрекеттерді жасамауға;

4.4.15. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда, оны бұзу салдарынан жеке кабинетті пайдалануды тоқтатуға **міндетті**.

4.5. Клиенттің осы Келісімнің 4.4-тармағында келтірілген міндеттерді орындамауы жеке кабинетті пайдаланып, сауда платформасына Клиенттің қол жеткізуін тоқтата тұруға немесе тоқтатуға сөзсіз негіз болып табылады.

4.6. Келісімнің талаптарына сәйкес Клиент өзінің жеке кабинетіне оның келісімінсіз қосылуды анықтаған жағдайда, сондай-ақ осы Келісімде көзделген өзге жағдайларда мына тәсілдердің бірімен Брокерге хабарлама жіберуге міндеттенеді:

- телефон арқылы сөйлесу жазбасын тіркеп, Брокердің клиенттерді қолдау қызметіне хабарласуға;

- Брокерге еркін нысанда (Брокердің белгіленген жұмыс режиміне сай) қағаз жеткізгіште жасалған жазбаша өтініш беруге;

- Брокерге info@bcc-invest.kz электрондық пошта мекенжайына электрондық тәсілмен хабарлама жіберуге **міндетті**.

5. Электрондық қызметтерге қол жеткізу

5.1. Электрондық қызметтерге қол жеткізу жеке кабинетті пайдаланушыны бір және (немесе) бір мезгілде бірнеше тәсілмен аутентификациялау арқылы қамтамасыз етіледі:

5.1.1. Парольдер бойынша аутентификациялау:

- қайта пайдалануға болатын кодтар (пароль) бойынша аутентификациялау жүйеге кіру, ақпараттық операциялар және сауда операцияларының белгілі бір түрлері үшін жүргізіледі;

- біржолғы (бір реттік) кодтар бойынша аутентификациялау сауда операцияларының барлық түрін жасау үшін жүргізіледі.

5.1.2. ЭЦҚ көмегімен аутентификациялау Клиенттің шоттарынан (шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу), сондай-ақ бағалы қағаздарға ауыртпалық салу және ауыртпалықты алып тастау және белгіленген лимиттен жоғары операциялар үшін жүргізіледі.

5.1.3. Клиенттің мобильді құрылғыларында, сондай-ақ Компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестердің ақпараттық жүйелерін және (немесе) қашықтықтан

қызмет көрсету жүйелерін пайдаланған кезде, биометриялық сәйкестендіру, PIN-код немесе өзге де құралдар, оның ішінде Клиенттің мобильді нөміріне жіберілетін, Клиентті дәл сәйкестендіруге мүмкіндік беретін бір реттік кодтар сияқты жеке кабинетке қол жеткізген кезде Клиентті аутентификациялаудың баламалы құралдарын баптауға болады. Бұл ретте Клиент өзінің сәйкестендіру құралдарын Компанияның сауда платформасына аутентификациялау, шифрлау және осы ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау әдістерін және оларда қолданылатын жапсарлас құрылғыларға және (немесе) ақпараттық жүйелерге және (немесе) серіктестерге қашықтықтан қызмет көрсету жүйелеріне сақтауды және беруді сеніп тапсырады.

5.2. Сәтті аутентификациялағаннан кейін жүйені пайдаланушы – тиісті осы Клиент бойынша Клиентті динамикалық авторизациялау (сәйкестендіру) рәсімі жүргізіледі.

5.3. Клиентті сәйкестендірудің және динамикалық сәйкестендірудің жоғарыда аталған тәсілдерінің әрқайсысы, сондай-ақ олардың тәртібі мен Клиенттің электрондық қызметтерді алуға құқықтарын растау сауда платформасының, жеке кабинеттің функционалына сәйкес және Ережеге сай белгіленген.

5.4. Бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу) бойынша операцияларды жүргізуді қамтамасыз ету үшін Клиенттің жеке кабинетінде Клиенттің шоттарына (шоттарынан), сондай-ақ бағалы қағаздарға ауыртпалық салуға және ауыртпалықты алып тастауға ЭЦҚ қалыптастырады. Клиенттің Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген өзінің қолданыстағы ЭЦҚ-сын пайдалануға құқығы бар.

5.5. ЭЦҚ дайындау қажет болған жағдайда, Клиенттің ЭЦҚ дайындау жөніндегі уәкілетті органға өз бетінше баруға құқығы бар. Бұл ретте ЭЦҚ дайындау бойынша барлық әрекетті куәландырушы орталықтың талаптарына сәйкес Клиенттің уәкілетті тұлғаларының әрқайсысы өз бетінше орындауға тиіс.

5.6. Клиент бір реттік (біржолғы) және көп реттік кодтарды қоса алғанда, өзінің ЭЦҚ, сәйкестендіргішінің/аутентификациялау/динамикалық сәйкестендіру құралдарының, сондай-ақ смартфонда және (немесе) дербес құрылғыларда бапталған авторизациялау құралдарының сақталуын өз бетінше қамтамасыз етеді. ЭЦҚ, бір реттік (біржолғы) және көп реттік кодтарды қоса алғанда, сәйкестендіргіштің/сәйкестендіру құралдарының/динамикалық сәйкестендіру құралдарының сақталуы үшін барлық жауапкершілікті Клиент көтереді. ЭЦҚ-ны, сәйкестендіргішті/аутентификациялау/сәйкестендіру құралдарын дұрыс сақтамау және/немесе дұрыс пайдаланбау нәтижесінде Клиенттің уәкілетті емес тұлғаларының немесе үшінші тұлғалардың пайдалануынан болған барлық залалды Клиент көтереді.

5.7. Клиент жеке кабинеттің жұмысы үшін қажетті техникалық және коммуникациялық ресурстарды өз бетінше және өз есебінен қамтамасыз етеді. Жабдыққа және бағдарламалық жасақтамаға қойылатын талаптар Ережеде белгіленген.

5.8. Клиент жеке кабинетке қосылу үшін интернет желісіне өзінің интернет-провайдері арқылы өз бетінше қол жеткізеді.

5.9. Клиент жеке кабинетке қосылуға қажет парольді өзі өзгерте алады. Пароль – латын әліпбиінің әріптері мен цифрлардың кез келген тізбегі, ол құпия ақпарат болып табылады, оның сақталуы Клиенттің жеке жауапкершілік аймағында болады.

6. Электрондық қызметтер көрсетуді тоқтата тұру және тоқтату

6.1. Брокер Шартта, Келісімде, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша сауда операцияларын, дербес шот бойынша операцияларды орындаған кезде, оның ішінде мына жағдайлар туындаған кезде:

- дербес шоттан есептен шығаруға жататын бағалы қағаздардың саны осы шоттағы бағалы қағаздардың санынан асып түскенде;

- Клиенттің шотындағы ақша сомасы сауда операциясын жүргізуге жеткіліксіз болғанда;
- есептен шығаруға жататын бағалы қағаздарға ауыртпалық салынғанда және (немесе) бұғатталғанда тоқтата тұрады.

6.2. Осы Келісімнің 6.1-тармағында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде, Брокердің сауда платформасы және (немесе) жеке кабинеті Клиентке осы операцияларды жүргізуден бас тарту туралы хабарлама береді.

6.3. Брокер қызмет көрсетуді осы Келісімнің 9-бөлімінде белгіленген тәртіппен, талаптарда және негіздер бойынша тоқтатады.

7. Тараптардың жауапкершілігі және даулы жағдайларды шешу

7.1. Осы Келісімді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапкершілік көтереді.

7.2. Брокер жеке кабинетті пайдалануға немесе оны Брокерге байланысты емес себептерден және/немесе жеке кабинетті және (немесе) сауда платформасын жетілдіруге, жұмыс істеу алгоритмдерінің өзгерістерін, профилактикалық жұмыстарды, технологиялық өзгерістерді жүзеге асыруға байланысты қандай да бір залал үшін (оған барлық шеккен немесе болжамды шығысты, пайданы жоғалтуды, іскерлік белсенділікті үзуді, іскерлік ақпаратты жоғалтуды не басқа да шығынды қоса алғанда, алып тастамай) жауапкершілік көтермейді. Жеке кабинет және (немесе) сауда платформасы жұмысқа жарамсыз болған жағдайда, Клиент тапсырмалар беру үшін Шартта белгіленген тәртіппен ақпарат алмасудың өзге де тәсілдерін пайдалануға міндетті.

7.3. Брокер Клиенттің бір реттік (біржолғы) және көп реттік кодтарын және/немесе парольдерін және Клиентке қатысты өзге де құпия ақпаратты қоса алғанда, ЭЦҚ-ны, сәйкестендіргішті/аутентификациялау/динамикалық сәйкестендіру құралдарын заңсыз пайдалануға бағытталған үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері нәтижесінде Клиентке келтірілген залал үшін жауапкершілік көтермейді.

7.4. Егер Клиент тапсырманы өзінің аутентификациялау құралдарын пайдаланып берсе, аутентификациялау құралдарының деректерін пайдаланып берілген барлық тапсырма Клиенттің осы тапсырмаларды оның атынан беру фактісін мойындағанын білдіреді. Клиенттің аутентификациялау құралдарын пайдаланып, тапсырма беру фактісі операцияны жүргізуге жеткілікті негіз болады, бұл ретте аталған тапсырмалардың негізінде жасалған мәмілелерді Клиент оның атынан жасалған мәмілелер деп мойындайды.

7.5. Клиенттің Брокерге жеке кабинеті арқылы берген және Брокер алған, яғни аутентификациялау құралдарын тексеру оң нәтиже берген тапсырмалардың мағынасы мен мазмұны бойынша қағаз жеткізгіштерде жасалған және сол Клиенттің немесе оның уәкілетті тұлғасының өз қолымен қолы қойылған және (заңды тұлғалар үшін) Клиенттің мөр бедерімен куәландырылған баламалы құжаттарға тең заңды күші болады.

7.6. Тараптар электрондық құжатты өңдеуге қабылдаған сәттен бастап осы электрондық құжатты Брокердің серверінде сервердің жүйелік сағаттары бойынша тіркеу уақытын Брокердің электрондық құжатты орындауға қабылдаған уақыты деп таниды. Бұл ретте Клиенттің тапсырмалары Компанияның корпоративтік сайтында және (немесе) жеке кабинетінде жарияланған Брокердің операциялық күнінің кестесіне сай оларды тіркеген сәттен бастап орындауға қабылданады. Клиенттің көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен тапсырмалары келесі операциялық күні орындалуға тиіс.

7.7. Клиенттің қашықтағы жұмыс орнының және (немесе) сауда орнының жұмысында жаңылысу болған сауда-саттық кезінде Клиенттің жеке кабинетінде бұрын берілген барлық тапсырма белсенді болып қалады. Қашықтағы жұмыс орнының жұмысында жаңылысу болған

кезде, Клиент сауда платформасында Клиенттің жеке кабинеті арқылы қалдырылған тапсырмалары туралы бірлескен шешім қабылдау үшін Брокермен жедел байланысуға құқылы.

7.8. Электрондық құжатты жөнелту және/немесе алу сауда платформасының аясында электрондық түрде расталады. Брокер алынған және/немесе орындалған электрондық құжаттарды сауда платформасының электрондық есепке алу журналына есепке алады (тіркейді).

7.9. Тараптар осы Келісім мен Шарттың аясында мәмілелер жасау фактісінің дәлелі ретінде жеке кабинетте қабылданған және орындалған электрондық құжаттардың, сондай-ақ Клиентке жіберілген электрондық есептер мен ресми хабарламалардың қалыптастырылатын электрондық журналын мойындайды.

7.10. Егер электрондық құжат тиісті түрде ресімделсе, аутентификациялаудан сәтті өтсе, белгіленген жағдайларда ЭЦҚ-мен куәландырылса немесе біржолғы (бір реттік) кодпен расталса, жеке кабинетте берілсе, ал қабылдаушы Тарап орындаса, электрондық құжат Клиент пен Брокердің осы Келісім бойынша міндеттемелерін туғызады.

7.11. Электрондық қызметтер көрсеткен кезде Клиент пен Брокердің арасында туындайтын даулы жағдайлар туындаған жағдайда, Клиент өзі берген тапсырмаларды, алынған электрондық құжаттарды Брокердің есепке алу жүйесіндегі деректермен салыстырып, тексеруге бастама көтере алады. Брокердің жеке кабинетіндегі және есепке алу жүйесіндегі мәліметтер сәйкес келмеген кезде, Брокердің есепке алу жүйесіндегі мәліметтердің күші басым болады.

7.12. Брокер сауда платформасы мен жеке кабинеттің үздіксіз және қатесіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін барлық қисынды күш-жігерін жұмсайды. Брокердің сауда платформасы мен жеке кабинетінің қатесіз және үздіксіз жұмыс істеуіне және Брокердің электрондық қызметтерді пайдалану (пайдалану мүмкіндігінің болмауы) нәтижесінде қандай да бір тікелей және жанама шығынды өтеуіне кепілдік бермей, Клиентке жеке кабинет «Қалай бар, сол күйінде» және «Бар болса» принципі бойынша пайдалануға беріледі.

7.13. Техникалық жаңылысу, қате жұмыстар, ақпарат беруді кешіктіру анықталған кезде, Клиент сауда платформасының жұмысындағы кемшіліктерді жою үшін Брокердің техникалық қолдау қызметіне хабарласуға құқылы.

7.14. Осы Келісім бойынша Тараптардың арасында туындаған барлық келіспеушілік, даулы жағдай келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге келмеген жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

7.15. Осы арқылы Клиент брокерлік қызмет және осы Келісім бойынша қызмет көрсету барысында Клиент берген және Брокер алған ақпарат Шарттың және Келісімнің міндеттемелері мен талаптарын орындау үшін және/немесе орындау мақсатында бөгде ұйымдарға/орталық депозитарийге/кастодиандарға/биржаларға/серіктестерге сауда платформасына қолжетімділік беру үшін/операциялар жүргізуге/қызмет көрсетуге қатысатын үшінші тұлғаларға берілетінін назарға алғанын растайды және Клиент осы арқылы осындай тұлғаларға брокерлік және электрондық қызметтер көрсетуге және осы Келісім бойынша Брокердің құқықтары мен міндеттерін орындауға байланысты мақсатта Клиенттен алынған құпия ақпаратты және өзге де ақпаратты беруге өзінің сөзсіз келісімін береді, сондай-ақ серіктес/бөгде ұйым және/немесе Клиент ақпараттық қауіпсіздік режимін бұзған және өзге де оқыс оқиғалар туындаған жағдайларда, Брокерге шағым қоймауға міндеттенеді.

8. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)

8.1. Тараптар осы Келісімнің қандай да бір міндеттемесін орындамаған, уақтылы немесе тиісінше орындамаған жағдайда, егер бұл тек еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайларының туындауына және/немесе әрекетіне байланысты болса, жауапкершілік көтермейді.

8.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларына соғыс қимылдары, дүлей зілзала, өрт, ереуіл, жаппай тәртіпсіздік, азаматтық немесе салық заңнамасының өзгеруі, оған қоса, бірақ шектелмей, осы Келісімді орындау жағдайларын едәуір нашарлататын немесе осы Келісімді толық немесе ішінара орындауға мүмкіндік бермейтін мемлекеттік актілерді өзгерту немесе жаңасын енгізу, бұл жағдайлар Келісім жасалғаннан кейін туындағанда және оның орындалуына тікелей әсер еткенде, жатады.

8.3. Өзінің шарттық міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі болмаған Тарап еңсерілмейтін күш жағдайларының басталғаны және тоқтағаны туралы екінші Тарапқа дереу хабарлайды.

8.4. Егер аталған жағдайлар бір айдан астам жалғасса, Тараптардың әрқайсысының Келісімді бұзуға құқығы бар.

9. Қолданылу мерзімі және тоқтату тәртібі

9.1. Егер осы немесе қосымша келісімде өзгеше белгіленбесе, осы Келісімнің қолданылу мерзімі Шарттың қолданылу мерзімінің өтуімен айқындалады.

9.2. Осы Келісім оған Тараптар қол қойған сәттен бастап немесе Клиент қосылу туралы өтінішке қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

9.3. Мына жағдайларда:

9.3.1. Тараптардың өзара келісімі бойынша;

9.3.2. Тараптардың бірі осы Келісімде көзделген өз міндеттемелерін орындамаған кезде, екінші Тарапқа бұзатын күнге дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын хабарлау арқылы;

9.3.3. Клиент Шарттың немесе Келісімнің жаңа талаптарымен келіспеген жағдайда, Шарттың, Келісімнің жаңа талаптары күшіне енген сәттен бастап 10 (он) күннің ішінде осы Келісім мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін;

9.3.4. Клиент Ережені, бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттейтін қолданыстағы заңнаманы, сауда жүйелерінің ережелерін бұзған кезде және осы Келісімнің шарттарына қайшы келетін өзге әрекеттерді жасағанда, Брокер бір жұмыс күні ішінде осы Келісімді мерзімінен бұрын бұзуы мүмкін.